**Түркістан облысының білім басқармасы**

**«Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК**

«Бекітілді»
«Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК директоры
_________ А. Аблазов
«01» ______ 2023 ж.

«Келісілді»
Түркістан облысының білім басқармасы басшысының орынбасары
_________ Ж. Маханбетов
«__» 10 ______ 2023 ж.

**«Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі»**
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
**2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары**

**Түркістан, 2023 ж**

# МАЗМҰНЫ


Колледж паспорты ........................................ 4

Колледждің миссиясы, келешектегі көрінісі, мақсаты мен міндеттері ........................................ 9

Ағымдағы жағдайдың талдамасы ........................................ 10

Стратегиялық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары....14

Қорытынды ........................................ 20

# КОЛЛЕДЖ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| **Толық атауы:** | «Көпсалалы индустриалды –техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны |
| **Меншік түрі (мемлекеттік, мемлекеттік емес):** | Мемлекеттік |
| **Орналасқан жері (облыс, қала, көше, үй):** | Түркістан қаласы, Байқоңыр 2А |
| **Құрылған уақыты:** | 1971 жыл |
| **Колледж жарғысы:** | 14 ақпан 2019 жыл |
| **Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:** | БСН 990140003061<br>25.01.1999 жыл |
| **Директор (аты-жөні толығымен):** | Абпазов Айдос Кенжеханұлы |
| **Колледж 30.09.2019 ж. KZ 90LAA00017 мерзімі шектелмеген лицензиясының және лицензияға қосымшасының негізінде төмендегі мамандықтар бойынша білім береді** | **06120100"Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)"**<br>3W06120101"Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы " |
| | **07130100"Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)"**<br>3W07130101"Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)" |
| | **07150500"Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)"**<br>3W07150501"Электргазымен дәнекерлеуші"<br>4S07150502"Техник-механик" |
| | **07161300"Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану"**<br>3W07161301"Автомобиль жөндеу слесарі"<br>3W07161302"Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик"<br>3W07161303"Автомобиль көлігін жөндеу шебері"<br>4S07161304"Техник-механик" |
| | **07161600"Ауыл шаруашылығын механикаландыру"**<br>3W07161601"Жөндеуші-слесарь"<br>3W07161603"Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі" |
| | **07230100"Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу"**<br>3W07230101"Тігінші"<br>3W07230102"Арнайы тігінші"<br>3W07230105"Модельер-пішуші" |

| | |
|---|---|
| | 4S07230107"Техник-технолог" |
| | **07320100"Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану"**<br>3W07320102"Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері"<br>3W07320104"Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері"<br>3W07320105"Құрылыс-әрлеу жұмыстарының шебері"<br>4S07320106"Техник-құрылысшы" |
| | **07321200"Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану"**<br>3W07321201"Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі"<br>4S07321202"Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі" |
| | **010130300"Тамақтандыруды ұйымдастыру"**<br>3W10130301"Кондитер-безендіруші"<br>3W10130302"Аспазшы"<br>4S10130303"Технолог" |
| **Инженер-педагог қызметкерлер саны (барлығы):** | 108 |
| **Соның ішінде педагогтар:**<br>**- жоғары санат (саны, %)** | Педагог зертеуші-4<br>Жоғары санат -13 |
| **- бірінші санат (саны, %)** | Педагог сарапшы-7<br>I санат – 14 |
| **- екінші санат (саны, %)** | Педагог модератор-5<br>II санат -20 |
| **- санаты жоқтар (саны, %)** | 45 |
| **- магистрлер (саны, %)** | 6 |
| **Сапалық құрам %)** | 35,1 |
| **Аумақ көлемінен оқу және өндірістік ғимараттардың тізімі:** | 4-оқу корпусы<br>1-асхана<br>1-спорт зал<br>1-мәжіліс залы |
| **Студенттер саны:** | 1087 |
| **Оның ішінде:**<br>**- күндізгі оқу бөлімі бойынша:** | 1087 |

| | |
|---|---|
| **- сырттай оқу бөлімі бойынша:** | - |
| **Әлеуметтік серіктестер** | ЖШС "Түркістан-Жарық тазалық", ЖШС «Ныш-Ер», ЖШС "Нұрстрой ЛТД" , ЖШС "Оңтүстік жарық-транзит" , МКК "Түркістан-су", ЖШС «Жолаушы», "Югнак" фермерлік қожалық, ЖШС ЛП-газ «Даму ғасыр» , ЖШС фабрика «Дружба» |
| **Колледж сайты:** | https://kitk.kz/ |
| **E-mail:** | kl-21_kairat@mail.ru |
| **Байланыс телефоны:** | 8(725) 332-56-22 |

**Құжаттың атауы:** «Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК-ның 2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

**Жоспарды әзірлеуші:** «Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК

**Әзірлеу үшін негіз:** Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы құрастырылған және ұлттық кәсіби стандарттар мен халықаралық талаптарды ескеретін жаңа білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауға бағытталған.

**Іске асыру мерзімдері:** 2023-2027 жылдар

2023-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары колледждің Педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілді. (№1 хаттама, 1 қыркүйек 2023 жыл).

# КОЛЛЕДЖДІҢ МИССИЯСЫ, КЕЛЕШЕКТЕГІ КӨРІНІСІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Миссия:** Еліміздің еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыратын техникалық және кәсіптік сапалы білімі бар бәсекеге қабілетті мамандар дайындау.

**Мақсаты** - білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ету, ТжКБ жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін колледж қызметінің басымды бағыттарын дамыту.

**Өзекті құндылықтар.**

- Колледж білім алушылары, оқытушылар және қызметкерлер игілігінің құндылығы.
- Оқыту сапасын, ғылыми зерттеу және білімді дәріптеу құндылығы.
- Өз қызметін этиканың жоғарғы стандарттарына сәйкес атқаратын қоғамның болашақ көшбасшыларын даярлаудағы адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтары.
- Нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілікпен шешім қабылдай білетін ашық, адал қызмет атқару құндылығы. Қоғам, білім алушылардың ата-аналармен, жұмыс берушілермен, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен серіктестік құндылығы.
- Колледждің жоғары беделі және оның білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесінің құндылығы.

**Стратегиялық міндеттер:**

- Қазақстан Республикасының қызмет көрсету, құрылыс, тігін өндірісі, өңдеу салалары үшін білікті мамандар даярлауда танымал болу;
- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және қызмет көрсету мамандығы үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау бойынша базалық «Құзыретті орталық» болу;
- Колледждің білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылымын және материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- Аймақтың және республиканың еңбек нарығы сұранысын мейілінше толық қанағаттандыру мақсатында колледж түлектерінде кәсіптік білім деңгейі мен кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру;
- Ұлттық патриоттық, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту;
- Колледждің инженер-педагог қызметкерлерін кәсіби жетілдіруге және өзін-өзі танытуға, білім деңгейін арттыруға, шығармашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ету.

# АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫҢ ТАЛДАМАСЫ

Білім алушылар контингентінің басым бөлігін Түркістан қаласы, Сауран, Отырыр, Созақ және Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандарының мектеп түлектері құрайды.

Білім алушылардың көбі – 15-22 жастағы, негізгі және орта білімі бар 9-11 сынып оқушылары. Отбасылық әлеуметтік мәртебе талдауы олардың әртүрлі екендігін көрсетеді, яғни, аз қамтылған көпбалалы отбасы балалары, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Колледжді таңдау кезінде бұл балалар үшін маңызды мәселенің бірі - жатақхананың болуы.

Қабылдау комиссиясы жұмысының талдауы көрсеткендей, оқуға түскендердің негізгі контингентін кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіліп, тығыз байланыс орнатылған мектептердің түлектері құрайды.

Жыл сайын әкімшілік мүшелері және оқытушылар Түркістан, Қызылорда облыстарының қала, аудан мектептеріне кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізуге барады.

Қызмет көрсету мамандарын даярлауда негізгі бәсекелес «Түркістан Ахмет Яссауи» кәсіби колледжі болып табылады. Басқа мамандықтар, атап айтқанда «Дәнекерлеу ісі», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Құрылыс саласы» мамандықтары бойынша мамандарды даярлау жолында бәсекелестер жоқ. Қазіргі кезде колледждің негізгі міндеті – контингентті ұлғайту және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды ары қарай ашуды жалғастыру стратегиясын жүзеге асыру.

## Колледж қызметінде негізгі көрсеткіштер

| Көрсеткіштер | 2020 -2021ж. | 2021-2022 ж. | 2022-2023 ж | Ағымдағы жағдай |
|---|---|---|---|---|
| Білім алушылар саны, адам | **992** | **769** | **950** | Көрсеткіштің төмендеуі байқалады. 2020 жылғы контингент 2023 жылмен салыстырғанда 0,95% төмендеді. |
| Жұмыспен қамтылған бітірушілердіңсаны, соның ішінде: %<br>-жұмысқа орналасқандар<br>-ЖОО түскендер | **436**<br>**83**<br>**5** | **466**<br>**85**<br>**20** | **364**<br>**88**<br>**18** | Түлектерді жұмыспен орналастыру бойынша колледжде жұмыстар мақсатты түрде жүргізілуде. |
| Колледж және әлеуметтік серіктестіктер арасында қол қойылған келісімдер саны(меморандум), бірлік | **38** | **42** | **46** | Колледж және әлеуметтік серіктестер арасында жасалған меморандумдар саны артты. ЖШС "Түркістан-Жарық тазалық", ЖШС «Ныш-Ер», ЖШС "Нұрстрой ЛТД" , ЖШС "Оңтүстік жарық-транзит" , МКК "Түркістан-су", ЖШС «Жолаушы», "Югнак" фермерлік қожалық, ЖШС ЛП-газ «Даму ғасыр» , ЖШС фабрика «Дружба»<br>Көрсеткішке қол жеткізуде өсу динамикасы 35% құрайды. 2020-2023 оқу жылы колледж студенттеріне тәжірибе базаларын ұсынған кәсіпорындар саны - 42, дуалдық оқыту туралы 150 келісім шарт жасалды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Біліктілігін арттырған колледждің педагогикалық қызметкерлерінің саны | **33** | **40** | **41** | 2020 - 2023 жж.біліктілігін арттырған оқытушылар саны біршама артты, бұл өткен оқу жылдары ЖББ пән (жаңатырылған мазмұн) курстарынан өткен оқытушылар саны көбірек болғанымен түсіндіріледі. |
| Материалдық-техникалық базаны нығайту, **мың. теңге** | | **4,757 мың тенге** | **824 мың тенге** | 2020-2023жылы 2 компьютерлік сынып 4 млн.757 мың. теңге соммаға алынды. Платонус қашықтықтан оқыту бағдарламасы 824 мың теңгеге орнатылды. |
| «Жас маман» бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, **мың. теңге** | | | **43,935 мың теңге** | Республикалық бюджет есебінен-29,081 мың тг.<br>Жанама қаржыландыру (жергілікті бюджет) есебініен-14,854 мың тг. |

## SWOT-талдау

| **Күшті жақтары** (оңды әлеуеті бар ішкі факторлар) | **Әлсіз жақтары** (теріс әлеуеті бар ішкі факторлар) |
|---|---|
| • 1. Әлеуметтік серіктестердің өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлердің болып табылуы<br>• 2. Мемлекеттік тапсырыстың болуы<br>• 3. Жоғары білікті кадр құрамы<br>• 4. Еңбек нарығына сай мамандар даярлануы<br>• 5. Материалдық-техникалық базаның үнемі дамуы<br>• 6. Қаржылық жағдайы тұрақты<br>• 7. Жатақхананың болуы | • 1. Түлектердің мамандық бойынша жұмыспен қамтылғанымен тұрақты жұмыс орнында жалақының төмен болуы.<br>• 2. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің өндірістік тәжірибесінің жеткіліксіз болуы<br>• 3. Мемлекеттік тілдегі оқулықтардың аз болуы<br>• 4. Білім беру процесіне кәсіпорынның инженер кадрлардың қатысу тәжірибесінің аз болуы<br>• 5. Жұмыс берушілер тарапынан материалдық-техникалық базаны дамытуға қолдау және демеушілік көрсетілмеуі |
| **Қолайлы мүмкіншіліктер**<br>(оңды әлеуеті бар сыртқы факторлар) | **Қауіп** (теріс әлеуеті бар сыртқы факторлар) |
| 1.Жұмыс берушілер талаптарына сай білім беру қызметінің кеңеюі<br>2. Институционалдық әріптестер, қазақстандық жоғары оқу орындары, «ТАЛАП» КЕАҚ ынтымақтастық<br>3. Өңірде жаңа кәсіпорындардың ашылуы<br>4. Мамандарды даярлау сапасының жұмыс берушілер тарапынан жоғары бағалануы<br>5. Жаңа технология енгізілген кәсіпорындарға қажетті жаңа мамандықтар ашу<br>6. WorldSkills стандартына сай құзыреттілік орталығын ашу<br>7. Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін тағылымдамадан өткізу | • 1. Отандық оқу-өндірістік жабдықтарды өндірушілердің болмауы<br>• 2. Жұмыс орналастыру ықпал ету және практика базасымен қамтамасыз ету бойынша заңды тұлғалардың заңнамалық жауапкершілігі болмауы<br>• 3. Мектеп бітірушілерінің жұмысшы кәсібіне деген ынтасының төмен болуы<br>• 4. Жұмыс беруші кәсіпорындардың экономикалық және қаржылық тұрақсыздығы |

**«Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 –2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

| Р/с № | Реформалардың/негізгі іс-шаралардың атауы | Аяқталу нысаны | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|
| **PISA тестілеуінің нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау (математика бойынша орташа балл: PISA-2022 – 430 (2-деңгей), PISA-2025 – 480 (2-деңгей), PISA-2027 – 482 (3-деңгей); оқу бойынша орташа балл: PISA-2022 – 392 (1а-деңгей), PISA-2025 – 450 (2-деңгей), PISA-2027 – 480 (3-деңгей); жаратылыстану бойынша орташа балл: PISA-2022 – 402 (1а-деңгей), PISA-2025 – 490 (2-деңгей), PISA-2027 – 492 (3-деңгей)** | | | | |
| 1 | МЖБС, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (академиялық білімге баса назар аудару, мазмұнды дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағдарлау, STEM тәсілдер негізінде оқыту, тәрбие компонентін күшейту) | Іс-шаралар кешені | 2023-2026 жылдар | Оқу бөлімі |
| 2 | Колледж үшін электрондық оқулықтар мен ОӘК, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдары үшін оқу басылымдарын кезең-кезеңімен әзірлеу, сараптау және енгізу | Іс-шаралар кешені | 2023-2026 жылдар | Оқу бөлімі |
| 3 | Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу | Іс-шаралар кешені | 2023-2027 жылдар | Оқу бөлімі |
| 4 | Колледжде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған математикалық практикалық және шығармашылық тапсырмалар жинағын, оқулықтар мен құралдарды, оқыту бейне ресурстарын әзірлеу | Іс-шаралар кешені | 2023-2027 жылдар | Оқу бөлімі |

<table>
<tr><td colspan="7">Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі : 2023 жыл – 70 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %,</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен студенттер үшін (пандустар, лифттер, әлеуметтік объектілер, білім алушылардың жұмыс орындары, кітапханалар, бағдарламалар, педагогикалық кадрлар) тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу</td><td colspan="3">2024 жылы: пандустар, әлеуметтік объектілер<br>2025 жылы: білім алушылардың жұмыс орындары,<br>2026 жылы: келушілерге тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу</td><td colspan="2">Шаруашылық бөлім</td></tr>
<tr><td colspan="7">Жоғары жылдамдықты Интернетпен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (кемінде 20 мбит/с – бір мектепке, егер мектепте 400-ден астам оқушы болса – 20 оқушыға 1 мбит/с) (2023 жыл – 55 %, 2024 жыл – 70 %, 2025 жыл – 85 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %,</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Жоғары жылдамдықты Интернетке қосылудың техникалық шарттарын қамтамасыз ету, Интернет жылдамдығын арттыру мәселелерін пысықтау</td><td colspan="2">есеп</td><td colspan="2">2023-2026 жылдар</td><td>IT бөлімі</td></tr>
<tr><td colspan="7">Колледжді бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (2023 жыл – 88 %, 2024 жыл – 90 %, 2025 жыл – 91 %, 2026 жыл – 91 %, 2027 жыл – 92 %,</td></tr>
<tr><td rowspan="3">7</td><td rowspan="3">Жұмысқа орналастыру міндеттемесімен қоса кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлауды кеңейту</td><td colspan="5">Орындау мерзімі (жылға бөлінісі)</td></tr>
<tr><td>2023</td><td>2024</td><td>2025</td><td>2026</td><td>2027</td></tr>
<tr><td>-</td><td>12</td><td>16</td><td>21</td><td>25</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>8</td><td>Бизнес қаражаты есебінен студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту үшін колледж жанынан бизнес-инкубатор құру</td><td colspan="2">Мониторинг, деректер базасы</td><td colspan="2">2023-2027 жылдар</td><td>Оқу- өндірістік бөлімі</td></tr>
<tr><td>9</td><td>Колледжде бизнестің қамқорлығы шеңберінде олардың үлесін 2027 жылға қарай олардың жалпы</td><td colspan="2">Мониторинг, деректер</td><td colspan="2">2023-2027 жылдар</td><td>Оқу- өндірістік бөлімі</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | санының 50 %-ына дейін жеткізе отырып, оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындар құру | базасы | | |
| 10 | Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингі үшін ақпараттық жүйелерді ведомствоаралық интеграциялау жөніндегі мәселені пысықтау | Мониторинг, деректер базасы | 2023-2027 жылдар | Оқу- өндірістік бөлімі |
| **Дуальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі (2023 жыл – 17 %, 2024 жыл – 20 %, 2025 жыл – 22 %, 2026 жыл – 23 %, 2027 жыл – 25 %,** | | | | |
| 11 | Студенттерді дуальды оқытумен қамтуды арттыру үшін кәсіпорындармен (ұйымдармен) өзара іс-қимылды кеңейту | Келісім шарттар | 2023-2027 жылдар | Оқу- өндірістік бөлімі |
| 12 | Дуальды оқыту шеңберінде студенттердің кәсіби практикасын сапалы ұйымдастыру үшін тәлімгерлік мектебін дамыту (педагогикалық дагдыларга оқыту) | Келісім шарттар | 2023-2027 жылдар | Оқу- өндірістік бөлімі |
| 13 | Кәсіпорындарда арнайы пәндер оқытушыларының, өндірістік оқыту шеберлерінің тағылымдамасын ұйымдастыру | Келісім шарттар | 2023-2027 жылдар | Оқу- өндірістік бөлімі |
| **Колледжде оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізу үлесі (2023 жыл – 60 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 100 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %,** | | | | |
| 14 | WorldSkills талаптарын ескере отырып, құзыреттілікті айқындау бойынша демонстрациялық емтиханды енгізу | білім беру бағдарламалары | 2023-2027 жылдар | Оқу – өндірістік бөлім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| 15 | WorldSkills Kazakhstan және Abilympics қозғалысын дамыту (WorldSkills стандарттарын оқу процесіне енгізу, халықаралық талаптар бойынша сарапшыларды оқыту, оқу лагерлерін құру, халықаралық чемпионаттарға қатысу және басқалар) | білім беру бағдарламалары | 2023-2027 жылдар | Оқу – өндірістік бөлім |
| **Халықаралық салалық талаптарға (стандарттарға) сәйкес құрылған құзыреттілік орталықтарының саны (2024 жыл – 1 бірлік, 2025 жыл – 1 бірлік)** | | | | |
| 16 | "Жас маман" жобасы шеңберінде жарақтандырылған колледждер базасында құзырет орталықтарын құру және оқу-өндірістік шеберханаларды кеңейту | Білім басқармасының бұйрығы | 2023-2027 жылдар | Оқу – өндірістік бөлім |
| 17 | Колледждің материалдық-техникалық базасын, оның ішінде бизнес қаражаты есебінен нығайту | Білім басқармасының бұйрығы | 2023-2027 жылдар | Оқу – өндірістік бөлім |
| **Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі (2023 жыл – 87 %, 2024 жыл – 89 %, 2025 жыл – 91 %, 2026 жыл – 93 %, 2027 жыл – 94 %,** | | | | |
| 18 | Зорлық-зомбылық, жәбірлеу және кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мамандардың және білім беру ұйымдары педагогтерінің (педагог-психологтер, директорлар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар, педагог-ұйымдастырушылар) біліктілігін арттыру | сертификаттар | 2023-2027 жылдар | Оқу-әдістемелік бөлім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз ету | есеп | 2023-2027 жылдар | Тәрбие бөлімі |
| **Терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес балаларды кешенді қорғауды қамтамасыз еткен білім беру ұйымдарының үлесі (2023 жыл – 90 %, 2024 жыл – 100 %, 2025 жыл – 100 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %,** | | | | |
| 20 | Колледждегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жабдықтармен (бейнекамералары, турникеттер, дабыл түймелері және т.б.) жарақтандыруды мониторингтеу | есеп | 2023-2027 жылдар | IT бөлімі |
| **Азаматтық және патриоттық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде білім алушылардың өзін-өзі басқаруы және дебаттық қозғалыс арқылы тартылған білім алушылардың үлесі (2023 жыл – 15%, 2024 жыл – 20 %, 2025 жыл – 25 %, 2026 жыл – 27 %, 2027 жыл – 30 %,** | | | | |
| 21 | Колледжде ата-аналармен ынтымақтастығының жаңа нысаны туралы ережені әзірлеу және олардың жанынан Ата-аналар академиясын құру | ОМ бұйрығы | 2023-2027 жылдар | Тәрбие бөлімі |
| 22 | Колледжде әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру және білім алушыларды "Жас сарбаз" ұйымдасқан қоғамдық қызметіне тарту | есеп | 2023-2027 жылдар | Тәрбие бөлімі |
| 23 | Оқушылар арасында республикалық зияткерлік турнирді (пікірталас қозғалысы) ұйымдастыру және өткізу және мектеп пен студенттік өзін-өзі басқару қызметін күшейту | есеп | 2023-2027 жылдар | Тәрбие бөлімі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Спортпен айналысу үшін жағдай (спорт залдары және спорттық мүкәммалдар) жасаған үлесі (2023 жыл – 92 %, 2024 жыл – 95 %, 2025 жыл – 97 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %,** | | | | |
| 24 | "Сапалы дене тәрбиесі" жобасын енгізу, "Ұлттық спорт түрлері" міндетті бөлімін қоса отырып, оқу жоспарларын жаңарту | ОМ бұйрығы | 2023-2027 жылдар | Оқу бөлімі |
| 25 | Қажеттіліктер мен қазіргі заманғы талаптарға сәйкес спорт мүкәммалын жаңарту, мектептердің дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымын жаңғырту | есеп | 2023-2027 жылдар | Оқу бөлімі |
| **Колледж педагогтерінің жалпы санынан педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы және педагог-модератор біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі (2023 жыл – 35%, 2024 жыл – 38 %, 2025 жыл – 40 %, 2026 жыл –42 %, 2027 жыл – 45%** | | | | |
| 26 | Педагогтерді курстан кейінгі қолдау және әдістемелік қолдау, құзыреттер шеңберіне ("Педагог" кәсіби стандартына) сәйкес педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту | Біліктілік арттыру курстары | 2023-2027 жылдар | Оқу-әдістемелік бөлім |
| 27 | Білім беру ұйымдарының жоғары білікті педагогтерінің республикалық базасын құру (электрондық педагогикалық "HR-ұстаз | Республикалық база | 2023-2027 жылдар | Оқу-әдістемелік бөлім |
| **Колледжде арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жалпы санынан өндірістен тартылған мамандардың үлесі (2023 жыл – 5 %, 2024 жыл – 6 %, 2025 жыл – 7%, 2026 жыл – 8 %, 2027 жыл – 10 %** | | | | |
| 28 | Тиісті қосымша ақы төленетін біліктілік санатын бере отырып, жұмыс істеу үшін өндірістен мамандарды тарту | Мониторинг | 2023-2027 жылдар | Оқу-әдістемелік бөлім |
| 29 | Колледж қызметінің сапасын, педагогтердің сапалық құрамын, контингенттің қозғалысын, бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимылды, WorldSkills жобаларына қатысуды және басқаларды ескеретін колледждің рейтингін жүргізу | Мониторинг | 2023-2027 жылдар | Оқу-әдістемелік бөлім |

## Қорытынды

Колледж стратегиясын жүзеге асыру жоспарланған мақсатқа жеткізуді және еңбек нарығында сұраныска ие, сапалы мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Стратегияның негізгі көрсеткіштерін орындау барысында оқу-тәрбие процесін жоспарлы және біртіндеп жетілдіру қамтамасыз етіледі, бұл өз ретінде заман, қоғам, ата-аналар, оқушылар талаптарына сәйкес келетін кадрлар даярлауды ұйымдастыру процесіне оң ықпал жасайды.

Жаңа мамандықтарды ашу, оқу-материалдық базаны нығайту білім алушылар контингентін арттыруға жағдай жасайды және колледждің аймақтық ТжКБ жүйесінде беделді орын алуына мүмкіндік береді.

## Күтілетін нәтижелер:

- Кадрлар даярлауға мемлекеттік білім тапсырысының көлемі ұлғайтылады;
- Жұмыспен қамту орталығымен, әлеуметтік әріптестермен бірлесіп еңбек нарығының білікті мамандарға қажеттілігі, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру үшін мамандықтар бойынша білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік жаңа стандарттарына көшу жүзеге асырылады.
- Жұмыс берушілермен бірлесіп білім алушылардың нақты жұмыс орнында өндірістік оқуы мен кәсіби практикасын ұйымдастыру жүйесі енгізіледі;
- Жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жүйесі енгізілетін болады;
- «Жас маман» жобасы шеңберінде білім беру сапасын арттыруда оң нәтижеге жету;
- Колледж түлектері арасында жұмыспен қамту деңгейі көтеріледі;
- ҚР рейтингілік жүйесінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының арасында жетекші колледждерінің қатарына кіруі;
- Электронды іс жүргізу, құжаттар айналымы, статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеуге қолжетімді болады;
- Жаңа білім беру стандарттарын, базалық және арнайы білім беру бағдарламасын құру және жасау жолға қойылады;
- Колледждің оқытушылары жасаған, оның ішінде мемлекеттік тілдегі, оқу және оқу-әдістемелік құралдар мен зерттемелердің, оқу құралдарының, электронды оқу құралдарының саны көбейеді.